

"Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылаудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 325, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 13 тамыздағы N 386 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 255 бұйрығы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылаудың кейбір мәселелері" (2004 жылғы 31 қаңтардағы N 5 (162) "Ресми газетте" жариялаған, мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 2471 нормативтік құқықтық актілерді) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 1 тамыздағы N 325, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2003 жылғы 13 тамыздағы N 386 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Салық комитеті (Д. Е. Ерғожин) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мәліметті е т і л с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы Д. Е. Ерғожинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Б. Жәмішев